

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Педагогика және психология институтының
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика
кафедрасының ұйымдастыруымен өткен кәсіби бағдар беру
жұмысының
Есебі

2017 жылдың 21 ақпанында сағат 12.00 – де 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мандығының 1 және 2 курс студенттерінің қатысуымен Ph.D Алимбекова Анар Аймолдақызының ұйымдастыруымен «Мамандығы – мақтанышым атты» мәдени-танымдық іс-шара Алматы қаласы №168-ші жалпы орта білім беретін мектепте өтті. Аталған іс шараға Университет бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты Жанкушков Бауыржан Оразович және Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессор-оқытушы құрамдары: п.ғ.к., профессор Қияқбаева Ұлбосын Қозыбаевна, аға оқытушылар Азимбаева Дариға Қуановна, Каримова Разия Елупановна, сонымен қатар мектеп директоры Тайкенов Манас Саяхатұлына, Жұрынова Гаухар Абайқызы, әлеуметтік педагог Аязби Абайұлы және мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқушылары қатысты. Іс – шара өткізудегі біздің мақсатымыз оқушыларға қоғамдағы педагогикалық мамандық иелерінің алатын орны мен ролін, кәсіби қызметтерімен терең таныстыру, беделдерін көтеру. Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің қалыптасуы мен дамуы туралы ақпарат беру. Жоғары білім берудің қара шаңырағы Абай атындағы Қазіргі таңда университетіміздің білім беру әлеуетін қысқа уақытта көрсете білу. 2 курс студентті Қуандық Ақбота 89 жыл тарихы бар университетіміздің қалыптасуы мен дамуы тарихын айта отырып, белгілі тұлғалар: Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Ауезов, Темірбек Жүргенов, Ораз Джандосов, Сәкен Сейфуллин, С. Асфендияровтың университетіміздің қалыптасуы мен дамуына сіңірген мол еңбектеріне тоқталып өтті. Ұлы Абайдың атындағы педагогикалық жоғары оқу орнын 1928 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін басқарып отырған басшыларымен таныстырды. Жапасова Камшат Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің қазіргі таңда қандай бағытта мамандықтар дайындайтынын әр институттарға тоқталды. Өздері білім алып жатқан Педагогика және психология институтына ерекше тоқалып, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы жауапты 5B012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы мен 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы туралы толыққанды ақпарат берді. Абай атындағы ҚазҰПУ түлектері баланы әлеуметтендіру саласының менеджерлері ретінде қызмет атқаратындарын терең ұғындырып, жас ұрпақтың бойында адами құндылықтарды қалыптастыру және дамыту мақсатында Абайдың 17 қара сөзіне байланысты «АҚЫЛ, ЖҮРЕК, ҚАЙРАТТЫ – бірдей ұста» деп аталатын сахналық көрініс қойды. Сахналық көрініске 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін – өзі тану мамандықтарының 1 және 2 курс студенттері қатысты. Студенттер

тәрбие сағатына белсенді қатысып, шығармашылықпен жұмыстар атқарды. Сонымен қатар тәрбие сағатына № 168 мектептің 5,8,10 сыныптары қатысты. Тәрбие сағатының соғында «Қазақтай ел қайда» хормен орындалды. Мектеп оқушылары орындарынан тұрып, студенттермен қосыла ән айтты. Тәрбие сағатының соғында студенттер мен оқушыларың және өздерінің алған сезімдері туралы мектептің директорының орынбасары Гаухар Абайқызы сөз сөйледі. Тәрбие сағатының соғында университеттің Педагогика және психология институты бойынша кәсіби бағдар жұмыстарына жауапты аға оқытушы Б.О. Жанкушков университетке түсу жолдарын және төртінші таңдау пәні биология болу керектігі туралы айтып өтті. Сонымен қатар мектеп оқушылары мен мұғалімдердің қызықтырған сұрақтарына жауап беріп, университет және мамандықтар бойынша ақпараттар берілген кітапшаларды үлестіріп берді.

Іс-шараның сәтті өтуіне белсенді қатысқан студенттерге, мектеп әкімшілігіне және университетіміздің тәрбие басқармасына үлкен алғысымызды айтамыз.

Мәдени – танымдық тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Мамандығым – мақтанышым»

Мамандық: 5B011230 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

Курс: 3

Топ: 1

Бағдарламаны құрастыған: Ph.D. аға оқытушы Алимбекова А.А.

Өткізілетін орны: №168 жалпы орта мектеп

Уақыты: 12:00

Техникалық жабдықталуы: ноутбук, дыбыс ұлайтқыштар, проектор, тақта.

Көрнекіліктер: слайдтар,

Көркемдік безендірілуі: шарлар, тулар, баннер

Киіну үлгілері: ақ көйлек, қара юбка, шалбар, биге арналған қазақш көйлектер, университет логотипі жазылған футболкалар мен кепкалар.

Мақсаты: Еліне, университетіне, мамандығына деген патриоттық сезімдерін ояту.

Міндеттері:

- болашақ маман ретінде кәсіби іс-әрекетке бейімдеу;
- тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырудың жолдарымен, әдіс – тәсілдерімен таныстыру;
- сахналық мәдениет пен педагогикалық - артисттік өнерлерін дамыту;
- студенттер мен оқушыларды өз-ара бірлескен шығармашылық іс-әрекетке баулу;
- мектептің жоғары сынып оқушыларына болашақта педагогикалық мамандық иесі болуға ықпал ету.

Барысы.

Жүргізушілер: Казбек Ардақ , Ескелді Балауса, Жаппасова Камшат,

Қуандық Ақбота

1. Казбек Ардақ: Армысыздар құрметті ұстаздар, студенттер, оқушылар және қонақтар! Сіздер Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Әлеуметік педагогика және өзін-өзі тану мандығының 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен және №168 жалпы орта білім беретін мектептің 5, 10 сынып оқшыларының қатысуымен «Мамандығым - мақтанышым» атты мәдени-танымдық тәрбие сағатына қош келдіңіздер!!!

2. Ескелді Балауса: Бүгін біз *«Мемлекет пен қоғам алдында ұлттың зияткерлік әлеуетін сақтап қалу ғана емес, оны арттыру, жас ұрпақты өмірге дайындауда олардың бойында отаншылдық, имандылдық, кәсіби шеберлік тәрізді игі қасиеттерді сіңіру міндеттері де тұр»* - деп

Елбасымыз айтқандай бізге жан-жақты білім беріп, зияткерлік әлеуетіміздің дамуына, кәсіби шеберлігіміздің артуына зор ықпалы бар университетімізбен мамандығымыз туралы ақпаратпен бөліскіміз келеді.



3. Видеоролик: Университет тарихы



4. Би: «Елімай» орындайтындар: Сәуле, Болдықыз, Ұлжан, Таңшолпан, Жұлдызай, Алтынай, Жібек, Замира.



5. Презентация: Ақбота университеттің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тұлғаларға, сонымен қатар басшыларына қысқаша тоқталып өтуді

жөн көрдік.



Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

1928 ЖЫЛЫ - ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

1930ЖЫЛЫ - ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ (КАЗПИ)

1935 ЖЫЛЫ - АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

1990 ЖЫЛЫ - АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

1928 ЖЫЛЫ - ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

1930ЖЫЛЫ - ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ (КАЗПИ)

1935 ЖЫЛЫ - АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

1990 ЖЫЛЫ - АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ


Университетті құруға үлес қосқан ғалымдар



Ахмет Байтұрсын



Халел Досмұхамедов




Мұхтар Әуезов



Темірбек Жүргенов



Ораз Жандосов



Сәкен Сейфуллин



Асфендияров Санжар Джафарович



Алимов Алымсен Алымжанович



Сақаяев Ш



Бекжанов Шанислам



Толыбеков Сергали Есембетович



Адилгиреев Халил Мухаметжанович

1928 - 1931 жылдары
Қазақ мемлекеттік университетінің
ректоры

1931 - 1934 жылдары
ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ
ректоры

1934 - 1935 жылдары
АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ

1935 - 1937 жылдары
Абай атындағы
Қазақ педагогикалық
институтының
ректоры

1937 - 1941жж.
1946 - 1950жж.
1963 - 1974жж.
Абай атындағы Қазақ
педагогикалық
институтының
ректоры

1941 - 1942
жылдары
Абай атындағы
Қазақ
педагогикалық
институтының
ректоры

					
Искаев Ахмед Искаевич	Закарин Аскар Закарьевич	Габдулин Малик	Жұмабеков Жұнүсбек Жұмабекович	Қасымов Құлжабай Абдықалықович	Садьков Токмухамед Сальменович
1942-1946 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры	1950-1953 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры	1952-1963 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры	1974-1980 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры	1980-1987 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры	1987-2008 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының ректоры

2008 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры



Прәлиев Серік Жайлауұлы

1. Психология және педагогика институты
2. Физика-математика институты
3. Көркем-сурет институты
4. Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері институты
5. География - экология институты
6. Дене мәдениеті және бастапқы әскери дайындық институты
7. Филология институты
8. Химия және биология институты
9. Дайындық институты
10. Құқық және Экономика институты
11. Тарих факультеті

6. Ән. «Желсіз түде жарық ай» орындайтын 10 сынып оқушысы Дүрімай Айнұр.



7. Абай Құнанбайұлының өлеңдері. Өлеңді оқитындар: 10 сынып оқушылары: Алякбаров Ержігіт, Әбутәліп Құралай, Бейсенбай Айдана, және студент Бекмұрат Жібек



8. Сахналық көрініс: Абайдың 17 қара сөзі.

Автор: Казбек Ардақ:

Ролдерде: *Болдықыз-жүрек, Ұлжан-ақыл, Жібек-қайрат. Алтынай, Сәуле Альмира – ғылым – данышпандар.* **Уәзір:** *Мирас* автордың сөзі:

Автор: Казбек Ардақ. Ертеде бір хандық болыпты. Жасы келген Хан таққа ұлдарының бірін отырғызбақшы болады. Күні - түні ойланып бір шешімге келе алмай, билермен ақылдаспақшы болыпты.

Уәзір: Уа, тақсыр, шақыру себебіңізді айта отырыңыз.

Хан: күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылдым. Ел қамын ойлайтындай қай ұлымды таққа отырғызарымды біле алмай, сенің де пікіріңді естиін дедім, сен не дейсің?

Уәзір: Сіздің үш ұлыңызда ақылды, білімді, ел басқаруға лайықты азаматтар. Себебі, олардың үшеуіде ақыл тоқтатқан, өз ақылымен санасатын ер азаматтар. Менің пікірімше, хан тағына қайсы лайықты екенін білу үшін, өздеріңде пікірін естіген абзал шығар. Хан ием, одан да ұлдарыңыздың өзінен сұрайық!



Автор: Хан ұлдарын шақыруға бұйрық берді. Ұлдары хан ордасына жиналады.

Хан: Ұлдарым сендерді жинау себебім, өздерің де көріп жүрсіңдер, жағдайым күннен-күнге нашарлауда, ел басқаруға лайықты мұрагер тағайындау уақыты келген сияқты. Көзімнің тірісінде біреуінді Хан орныма сайлап, ел басқарудағы тәжірибеммен бөлісіп кетсем арманым жоқ болар еді. Сонымен елді ауызбіршілікте ұстап, басқару үшін бірінші не керек., ел тыныштығын сақтап қалу үшін қажет не нәрсе? Ақыл ма? Қайрат па? Жүрек пе? Сендерге ойлануға бір күн уақыт беремін.



Автор: Ойға шомған ұлдары ордаларына қайтты. Олар көп ойланды. Ел басқаруға ақыл, қайрат, жүректің қайсысы маңызды екенін түсіне алмай дал болды.

Үлкен ұлы: Неге әкем бұлай істеді? Таққа әулеттің үлкен ұлы отырмаушы ме еді? Ел басқаруға ақыл, қайрат, жүректің ел басқаруға не қажеті бар? Шын мәнінде осылардың қайсысы маңызды екен?

Автор: Ұлдары осылайша ойланып отырғанда, ақыл, қайрат, жүрек келіп олардың саналарына кіріп өздерінің басымдылығын айтады

Қайрат: Өзің білесің, дүниеде еш нәрсе менсіз кәмілетке жетпейді, әуелі өзінді білуге ерінбей үйрену керек, ол-менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой, мақсатты еңбексіз табуға болмайды. Болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтын, көрсеқызар жеңілдіктен құтқаратын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?

Ақыл: Не дүниеге, не ақыретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетін – мен, сенің сөзіңді ұғатын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды игере алмайды екен, осы екеуі маған қайтіп таласады? Менсіз өздері неге жарайды?

Жүрек: Мен – адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде, тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз, аш кедейдің жайын ойлататын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын, жақсылыққа елжіреп еритін -

мен, жаманшылыққа жиреніп, тулап кететін – мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбандылық менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?



Автор: Осылайша олар үш ұлға да ой салады. Үлкен ұл қайратты басым көреді, ал ортаншы ұлы ақылды, кенже ұлы болса жүректі басым деп шешеді.

Содан бір күн өтіп, үш ұлы ханның алдына барады. Хан олардан:

Хан: Кәне ұлдарым ойға түйгендеріңді айтыңдар. Ел басқаруға ақыл, қайрат, жүректің қажеті бар ма екен? Қайсысы басымырақ? - деді.

Үлкен ұл: Менің ойымша, ел басқару үшін қайратты болу керек, себебі қайрат бұл - ер азаматтың бойында болуы тиіс. Қайрат арқылы елді айқаныңнан шығармай, тыныштықта ұстауға болады. Күшпен оларға барлығын істетуге болады.

Ортаншы ұл: Менің ойымша, ел басқару үшін бірінші ақыл керек. Себебі ақылмен басқарған елдің ауызбіршілігі болады. Айламен, ақылмен басқарсаң елді алдап, барлығына көндіруге болады.

Кіші ұл: Менің ойымша елді жүрекпен басқару керек. Себебі барлығы жүрекпен басқарылады ғой. Сүйіспеншілікпен жасалған әрбір іс жүрекке жетеді. Елдің барлығы жүрекпен әрекет етсе, ел арасында ешқандай алауыздық, ұрыс болмайды. Жанаршылдық, мейірімділік, жан ашушылық барлығы жүрек арқылы беріледі.

Хан: Мына айқандарыңның бәрі дұрыс. Бұлай отырғанымыз жарамас. Көпті

көрген данышпан – ғалымды шақырайын.

Автор: Осылайша хан данышпандарда шақыруға бұйрық берді



Данышпандар келеді, амандасады, хан отыруға рұқсат береді



1 Данышпан: Ей, қайрат, сенің айтқандарыңның бәрі рас-ақ. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды ғой. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет.

2 Данышпан: Ей, ақыл, сенің айтқандарыңның бәрі рас-ақ. Сенсіз еш нәрсе табылмайтыны рас. Тәңіріні де сен танытасың, екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен бірге, амал да, айла да – бәрі сенен шығады.

Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Үшеуің ала болсаң, біз жүректі жақтадық.



Хан: Барлығымыздың шешіміз бір жерден шықса, менде данышпандардың айтқанын құп көрдім. Кел, ұлым, бұл тақ саған лайық.

Автор: Осылайша хан елдің тыныштығын, ауызбіршілігін ойлай келе хан тағын жүрекпен басқаруды жөн көреді.




9. Ән. «Туған жер» орындайтын Болдықыз.





10. Презентация: Педагогика және психология институты «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасы қызмет көрсететін 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану және 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандықтарымен таныстыру. Жаппасова Камшат.



11. Ән: "Бүлдірген" орындайтын 5 сынып оқушысы



12. Студенттер топпен шығуы: нақыл, өсиет, өлең сөздер арқылы

мамандықтарын дәріптеу



13. Ән: хормен «Қазақтай ел қайда?» (экранда ән авторының суреті, мәлімет және әннің сөздері шығып тұрады)



Тәрбие сағатының соңында университеттің Педагогика және психология

институты бойынша кәсіби бағдар жұмыстарына жауапты аға оқытушы Б.О. Жанкушков университетке түсу жолдарын және төртінші таңдау пәні биология болу керектігі туралы айтып өтті. Сонымен қатар мектеп оқушылары мен мұғалімдердің қызықтырған сұрақтарына жауап беріп, университет және мамандықтар бойынша ақпараттар берілген кітапшаларды үлестіріп берді.



Тәрбие сағатының соңында студенттер мен оқушыларың және өздерінің алған сезімдері туралы мектептің директорының орынбасары Гаухар Абайқызы сөз сөйледі.



14. Алғыс сөз. Камшат: Осымен назарларыңызға ұсынған «Мамандығым – мақтанышым» атты мәдени – танымдық тәрбие сағатын аяқтай отырып, біздің теориялық алған білімімізді тәжірибе жүзінде іске асырып, кәсіби дағдыларымыздың қалыптасуына мүмкіндік жасаған 168 мектептің директоры: Тайкенов Манас Саяхатұлы директордың орынбасары Жұрынова Гаухар Абайқызы және әлеуметтік педагог Аязби Абайұлын, сонымен қатар мектеп ұжымына үлкен алғысымызды білдіреміз. *(Барлық қатысушылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, иіліп, алғыс білдіреді.)*



«Мамандығы – мақтанышым» атты іс-шараның басталу алдындағы сәттерден көрініс.











